bilimger.kz
Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
*ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі:*
***KZ45VPY00102718***
2019

**БӨЛІМ: БИОЛОГИЯ**

# "Нәруыздар" тақырыбының қысқа мерзімді жоспары 8 сынып биология

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
|---|---|
| 19.04.2019 | https://bilimger.kz/56040/ |

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Қысқа  мерзімді жоспар

| | |
|---|---|
| **Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімі 8.1В Молекулалық биология** | Алматы қаласы  ЖББ №84 мектебі |
| **Сабақ №3 Сынып 8** | Мұғалімнің аты-жөні: Косымова Д.М. |
| **Күні:** | Қатысқандар: Қатыспағандар: |
| **Сабақтың тақырыбы:** | Нәруыздар, қасиеттері мен қызметтері |
| **Оқу мақсаты:** | 8.4.1.3. Нәруыздардың қасиеттері мен биологиялық қызметтерін сипаттау |
| **Сабақ мақсаттары:** | Нәруыздардың қасиеттері мен олардың атқаратын қызметтері туралы түсінікті қалыптастыруды жалғастыру |
| **Күтілетін нәтиже:** | Нәруыздардың қасиеттері туралы білімді игереді.<br>Нәруыздардың ағзада атқаратын қызметтері туралы түсініктерін жетілдіреді.<br>Топта, жұпта бірлесіп жұмыс жасауға, уақытты тиімді пайдалануға машықтанады. |
| **Бағалау критерийлері:** | Барлық оқушы: нәруыздардың қасиеттері мен қызметтерін біледі.<br>Көбісі: нәруыздардың қасиеттерін сипаттайды және қызметтерін нақтылайды.<br>Кейбірі: нәруыздың тұқымқуалашылық құрылыммен қорғалатын ерекше маңызды биополимер екендігі туралы тұжырымдайды. |
| **Білім деңгейі** | Білу, түсіну<br>Нәруыздардың ағзаны құраушы маңызды органикалық зат екенін біледі. Нәруыздардың табиғатта таралуына мысалдар келтіреді. Нәруыздардың ағзада маңызды қызметтер атқаратынын болжайды. |
| **Тілдік мақсаттар** | Пәндік лексика мен терминология:<br>Биополимерлер, ферменттер, гормондар, антиденелер, инсулин, фибриноген, оссеин, коллаген, актин, миозин, гемоглобин, меланин.<br>Диалогқа /жазылымға қажетті тіркестер:<br>Нәруыздардың құрамына …. түрлі …. кіреді, олардың саны …. . Нәруыздардың қасиеттері …. , …. .<br>Нәруыздардың (құрылыстық,ферментативтік,  энергетикалық, регуляторлық, қорғаныштық, механикалық, пигменттік) қызметі…. болатын …. нәруыздарынабайланысты. |
| **Құндылықтарға баулу** | Зайырлы қоғам және жоғары руханиятқұндылығы (оқушылардың танымдық қабілеттерін, ой өрісін кеңейту).<br>Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы құндылығы (үштілділік қағидатына сәйкес жағдай жасау). |
| **Пәнаралық байланыс** | Химия 7 сынып «Ағзалық заттардағы нәруыз, май, көмірсуларды анықтау» тақырыбымен интеграциялау. |
| **Алдыңғы білім** | «Биология 7» бойынша (7.4.1.3.) нәруыздардың органикалық зат екендігін біледі.<br>«Химия 7» бойынша (7.5.1.1., 7.5.1.2.)нәруыздардың химиялық құрамын және табиғатта таралуын сипаттайды. |
| **Сабақ  барысы** | |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған. 

| Сабақтың жоспарланған кезеңдері | Сабақтағы жоспарланған түрлері | Ресурстар |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br>**2 минут**<br><br>**3 минут** | **1. Психологиялық ахуал орнату арқылы топқа біріктіру. «Атомдар мен молекулалар» әдісі арқылы**<br><br>**2. «Ой қозғау» кезеңі (сурет –ассоциация)**<br>Сұрақтар:<br>1) Нәруыздар қандай заттардың тобына жатады?<br>2) Нәруыздар қандай химиялық элементтерден құралады?<br>3) Нәруыздардың табиғатта таралуы жөнінде не білесіздер?<br>4) Ары қарай нәруыздар туралы не білгілеріңіз келеді? | Сурет<br>Сурет |
| **Сабақтың ортасы**<br><br>**12 минут**<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**8 минут**<br><br><br><br><br><br><br>**12 минут** | **3. Жаңа тақырыпты меңгеру кезеңі**<br>1.**«ДЖИГСО» әдісімен** тақырып 4 топқа бөлініп беріледі. Топ құрамында тақырыппен жеке, топта танысады. Сыныпқа презентациялау мақсатында тақырыптың көлемі мен ерекшеліктеріне сәйкес графикалық органайзер құрастырады.<br>1-топ «Нәруыздардың ерекшеліктері туралы»<br>2-топ «Нәруыздардың қасиеттері мен құрылыстық қызметі туралы»<br>3-топ «Нәруыздардың ферментативтік және энергетикалық қызметтері туралы»<br>4-топ «Нәруыздардың регуляторлық, қорғаныш, механикалық, пигменттік қызметтері туралы»<br><br>2. Топтық жұмыс нәтижесі **«Серпілген сауал»** әдісі бойынша бағаланады. Өздерінің жұмысы бойынша сауалды қорғаушы топ тыңдаушыларға қояды. Соңында сынып **«Бағдаршам»** әдісімен топтың жұмысын бағалайды.<br><br>3. Мұғалімнің тақырыптың негізін ағылшын тілінде түсіндірмесі.<br>3.1. **«Snowball»** әдісі (терминдерді үш тілде тез жаттап алуға мүмкіншілік береді)<br>3.2. **«Fill in the gaps»** тапсырмасы (жеке жұмыс)<br><br>**4. Жаңа тақырыпты бекіту кезеңі**<br><br>4. «**Биологиялық диктант»** тапсырмасы(көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып жазу) (жеке жұмыс)<br><br>5. «**Сәйкестендіру» тапсырмасы**(берілген нәруыздарды атқаратын қызметі мен кездесетін орнына қарай топтастыру) (жұптық жұмыс)<br><br>6. **«Шығармашылық сәт»** тапсырмасы (жеке жұмыс)<br><br>7. **«Жарқын ойлар»** шығармашылық жұмыспен сыныпты таныстыру | А3 форматтары, маркерлер т.б.<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Бағалау бағдаршамдары<br><br><br>Жұмсақ доп<br><br><br>Таратпа материалдар және осы жұмыстардың дұрыс жауаптары |
| **Сабақтың соңы**<br>**3 минут** | **Рефлексия**<br>Оқушылар нысанадан қажетті деңгейді белгілеу арқылы сабаққа кері байланыс береді.<br>Мен …. | Нысананың суреті |
| **Саралау-Сіз қандай тәсілімен Көбірек қолдау көрсетпексіз?** | **Бағалау-Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?** | **Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау** |
| Білім деңгейі әр түрлі оқушыларға арналған деңгейлік тапсырмалар (барлығына міндетті деңгейден бастап шығармашылық деңгей арасында). Шығармашылық деңгейде жұмыс жасайтын оқушыларға арналған негізгі мәселелерден бастау алып күрделі идеяны түсіндіретін дереккөздермен жұмыс. Сыныптастары және мұғалім тарапынан қолдау көрсетіп ынталандыруға арналған диалогқа түсу және қолдау көрсету. Қарапайым әдістермен (бағдаршам, мақтау сөздер айту, мұғалімнің оқушы сөзін қайталап айтуы т.с.с) басқалар тарапынан және өзін өзі бағалауы. “Үйрете отырып, үйренемін” қағидасын жүзеге асыруға бағытталған топтық жұмыс. | Деңгейлік тапсырмалар оны орындауға ынталы барлық оқушылар үшін ашық және түсінікті етіп жасалынды (болашақта оқушылармен бірлесіп жасау жоспарланды). Дескрипторлар оқушының әр критерий бойынша (сатылы түрде) нәтижеге жету жолы мен қадамын сипаттайды (болашақта оқушылармен бірлесіп жасау жоспарланды). «Серпілген сауал», «Бағдаршам» оқушылардың бір-біріне ұсыныс, көмек беруіне негізделген позитивті әрекеттері.<br>Сабақ бойы мұғалім тарапынан жоғары нәтижеге бағытталған барлық іс-әрекеттері. | Өзденсаулығына жауапкершілікпен қарау қағидасы (дұрыс тамақтанудың маңызы) |

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.